

АБАЙТАНУ  
ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР  
V том

Алматы  
«Қазақ университеті»  
2015

ӘОЖ 821.512.122.0

КБЖ 83.3(5Қаз)

А 13

*Баспаға өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология,  
өдебиеттану және өлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі және*

*Редакциялық-баспа кеңесі шешімімен ұсынылған*

*(№6 хаттама 26 маусым 2015 жыл)*

*Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы*

*Абай ғылыми-зерттеу институтында дайындалған*

#### **ҒЫЛЫМИ-РЕДАКЦИЯЛЫҚ КЕҢЕС**

**Ж. Дәдебаев (төраға), Ө. Әбдиманұлы, З. Бисенғали, Т. Есембеков,**

**А. Жақсылықов, Қ. Мәдібаева, Ж. Молдабеков, З. Сейітжанов, Ө. Тарақ,  
А. Темірболатова, Ж. Тілепов, Р. Тұрысбек, П. Бисенбаев (хатшылар тобының  
жетекшісі), И. Өзімбаева (жауапты хатшы), Ө. Жапарова (хатшы)**

#### **Пікір жазған**

**филология ғылымдарының докторы, профессор Қ. Мәдібаева**

#### **Жалпы редакциясын басқарған**

**филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Дәдебаев**

#### **Құрастырып, түсініктерін жазғандар:**

**П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүрәділ**

#### **Жауапты редактор**

**филология ғылымдарының докторы, профессор Ж. Молдабеков**

**А 13 Абайтану. Таңдамалы еңбектер. V том. Ойлар мен толғаныстар /**  
**құраст., түсінік. жазғ.: П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нүр-**  
**әділ; жауапты ред. Ө. Тарақ; жалпы ред. басқ. Ж. Дәдебаев. – Ал-**  
**маты: Қазақ университеті, 2015. – 283 б.**

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)**

Абайтану ғылымы бойынша жарық көріп отырған таңдамалы еңбектер басылымы Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Абай туралы сөз» толғауымен ашылған. Бесінші томға Абайдың шығармашылығы туралы қоғамдық және гуманитарлық ғылым салаларында жарық көрген, уақыт сынынан өткен, ғылыми қауым мен көпшіліктен лайықты бағасын алған зерттеулер мен мақалалардың таңдамалылары енген.

Кітап орта мектептің жоғары сынып оқушылары мен жоғары мектепте білім алушы жастарға, ғылым мен білім, мәдениет мамандарына, мемлекет қызметкерлеріне, сондай-ақ қалың көпшілікке арналған.

V томға енген таңдамалы еңбектер елдің ынтымағы мен бірлігінің нығаюына, интелектуалдық өлеуетінің артуына, қоғамдық сананың дамуына ықпал етеді.

Том «Абай Құнанбаевтың шығармашылық мұрасын пәнаралық зерттеу» бағдарламасы аясында дайындалып, жарық көріп отыр.

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**КБЖ 83.3(5Қаз)**

**ISBN 978-601-04-1617-8 (ортақ)**

**ISBN 978-601-04-1286-6 (V том)**

**© Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ жанындағы**

**Абай ғылыми-зерттеу институты, 2015**

## ЖҮРЕГІМНІҢ ТҮБІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛА

Абай арнаулы психологиялық еңбектер жазған жоқ, бірақ біз оның шығармаларынан психология мәселелері жөнінде аса қызық және бағалы пікірлер табамыз. Ол өзінің психологиялық пікірлері мен ұғымдарын көбінесе поэтикалық шығармаларында, сол сияқты өсиет, өнеге-үлгі сөздерінде («Ғақлияларында») айқын көрсетіп отырады. Сөйтіп, Абай көптеген шығармаларында өзінің психология мәселелеріне көзқарасын белгілі шамада толық айттып берген ең бірінші қазақ болып табылады. Абай психологияны зерттеуде, біздің байқауымызша, өзі психология ғылымының мазмұны деп таныған үш түрлі мақсат көздеді.

Біріншіден, Абайдың түсінігінше, өлең мен ән адамдардың жан дүниесіне кіріп кетуі керек, олардың алтын қазынасы болып табылатын ең бағалы сезімдерін қамтуы керек. Олар халықты адамгершілікке тәрбиелеуде, адамдар санасындағы ескі феодалдық-патриархалдық қалдықтарға қарсы күресте маңызды роль атқарулары керек. Ол үшін олар халықтың аңсаған арманы мен үміт, тілегін жырлап қана қоймай, сонымен бірге оларды бақытты бостандық өмірге жетектеуі керек. Өзінің «іші (мазмұны) алтын, сырты (формасы-түрі) күміс» болып келуі керек. Көркем сөздің күші, Абайдың айтуынша, мынада:

Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі,  
Өрнегін сендей сала алмас,  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһра ала алмас;  
Қиналма бекер тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ ойға олақ.

Өзінің «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» (1889), «Көңіл құсы құйқылжыр шартарапқа» (1896), «Құлақтан кіріп бойды алар» (1897), «Кұр айғай бақырған» (1897) тағы басқа өлеңдерінде

Абай жақсы ән мен тәтті күй құлақтан кіріп, адамның барлық сезімдерін қозғайды және көңілге түрлі ой салады деп көрсетеді. Жақсы әнді тыңдағанда адам айналасында болып жатқандарды, тіпті өзін-өзі ұмытады, бір түрлі терең ойға батады, жүрегі бүкіл денесін жылытып, адам өз сезімінің әмірінде болып отырады. Бұл жағдайда ол сырт қоздырғыштардың бәріне де жауап бермейді, тіпті олар адам үшін өмір сүрмейтіндей болып отырады.

Ән адамның барлық бастан кешіргендерін еске түсіреді, қайғынды немесе қуанышыңды жаңғыртады, барлық өткендерінді бастан-аяқ бір-бірілеп еске түсіруге мәжбүр етеді. Біресе біреудің өзіне сыбырлағанын естігендей боласың, біресе күнде алдағыш қулардың сөзіне сене бастайсың. Ән тыңдау арқылы дейді ақын:

Ішіп, терең бойлаймын,  
Өткен күннің уларын.  
Және шын деп ойлаймын,  
Жұрттың жалған шуларын.  
Тағы сене бастаймын,  
Күнде алдағыш қуларға.  
Есім шығып қаппаймын,  
Мен ішпеген у бар ма?

Әннің адамның психикалық әрекетіне ететін әсері туралы айта келіп, Абай адамның көңіл-күйі оның терең ойлануының сәулесі, ал ән сол көңіл күйінің қылын шертетін көлеңкесі деп көрсетеді.

Көңіл құсы күйқылтжыр шартарапқа,  
Адам ойы түрленіп ауған шақта.  
Салған ән – көлеңкесі сол көңілдің  
Тактысына билесін ол құлаққа.

Ән адамды қанаттандырғандай болады, оның сезімін тербетеді, оны рухтандырады.

Жақсы әнді тыңдайсың ой көзіңмен  
Өмір сәуле көрсетер судай тұнық.  
Жарамды әнді тыңдасын жаның еріп,  
Жабырқаған көңілің көтерілер.

Ән деген – ол рақат, бірақ оны кез келген құлақ тындай білмейді, тек «ойлы құлақ» қана тындай біледі. Ән адамның қайғысы мен қуанышын жандандырады, ұйықтап жатқан сезімін оятып, сілкіндіреді. Ән адамның ойлары мен көңіл күйін көрсетеді.

Әннің де естісі бар, есері бар,  
Тыңдаушының құлағын кесері бар.  
Ақылдының сөзіндей ойлы күйді  
Тыңдағанда көңілдің өсері бар.

Көкірегі сезімді, тілі орамды,  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін.  
Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар,  
Көңілінің көзі ашық, сергек үшін.

Абайдың бұл сияқты айтқандарынан мынадай қорытынды өзінен-өзі келіп шығады: поэзия адамның психологиясына әсер етудің мықты құралы болып табылады, бірақ оның әсер етерліктей күшті болуы үшін ақын адамдардың психологиясын жақсы білуі керек және оған әсер ете білуі керек. Олай болса, поэзиямен шұғылданып жүрген әрбір адам адамның психикалық әрекеттерінің ерекшеліктерін, оның даму заңдылығын зерттеп, оны жақсы білетіндей болу керек.

Екіншіден, Абай өз халқын саяси правосыздықтан, экономика, мәдени жағынан артта қалушылықтан құтқарудың жолы халықты ең алдымен жас буынды ағартуда және адамгершілікке тәрбиелеуде деп біледі. Ол қазақ жастарын орыс мәдениеті мен орыс тілін үйренуге, орыс халқының барлық прогрестік жақтарын қабылдауға үгіттейді. Абай оқыту жұмысы әсерлі, табысты, балалардың ақыл-ойларын дамытатындай болу керек деп санайды. Ол үшін балалардың психологиясын жете білу керектігі және оларды оқыту, тәрбиелеу ісін балалар психологиясының ерекшеліктерімен санаға құрып қана қоймай, сонымен бірге оны жан-жақты дамытуға бағыттап құру керек екендігі өзінен-өзі түсінікті.

Үшіншіден, Абайдың толып жатқан өлеңдері мен айтқандарынан адамның психологиясын жете білуге аса зер салғандығын және оның өзін күнделік өмір үшін қажетті нәрсе деп

есептегендігін көруге болады. Әлеуметтік еңбек өмірінде және тұрмыста дұрыс қарым-қатынас жасай білу, ниеті жат жауларды тани білу және олармен қалай қатынас жасау – міне, осылардың бәрі де Абай түсінігінде, адамдардың психологиясы мен мінездерінің (характерлерінің) ерекшеліктерін тани білуді талап етеді.

Абай психологияның әдістері (методтары) туралы арнап еш нәрсе айтпайды. Бірақ оны шығармаларынан өзінің творчестволық еңбегінде объективтік және субъективтік бақылау (байқау) әдістерін қалай кең қолданғандығы байқалады. Абай шынында байқағыштығы өте күшті дамыған және бақылаған объектісінің өте ұсақ ерекшеліктеріне шейін байқап қалатын адам болған. Мәселен, оның көркем сөз талантының ең тамаша үлгілері болып табылатын «Қансонарда», «Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы» (1884) , «Жаз», сол сияқты жақсы аттың сынын сипаттайтын «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ», т.б.өлеңдерін зер салып оқысаңыз, сыртқы табиғаттың құбылыстары мен жағдайларын, адамдардың әрқайсысының жеке-жеке психикалық айрықша нәзік белгілерін, күйініш-сүйінішін ақынның өте шебер байқап отырғандығына көзіңіз жетеді. Бірсыпыра өлеңдерінде ақын өзінің баға жетпес асыл ойларын және адамды толғандыратын эмоциялық күйініш-сүйінішін өте дәл жеткізіп отырады. Ол өз өлеңдерінде әр түрлі сословиенің, әр түрлі мамандықтың және әр түрлі жас мөлшерінің тобына жататын адамдарға өте айқын психологиялық мінездеме беріп отырады.

Психология мәселелерін қарағанда Абай сол кезде қалыптасқан (ақыл, сезім және ерік) бөлуді алады да, оның мазмұнына түсінік беруге талаптанады («Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек», «Он жетінші сөз» т.б.). Ақыл-ой құбылыстарына ол түсіну мен қабылдауды, елестеу мен есті, қиялдауды, ойлау мен ақылдың өзін (яғни сананы) жатқызады.

Ал мінезді (характерді) ерікпен қоса қарайды. Ақыл-ойға сабырлылық, анықтылық және өткірлік қасиеттер жатады. Сезімге психикалық көңіл-күйінің жылылығы, қуаныш пен кек, құмарлық пен махаббат, тағы сондайлар жатады. Төзімділік,

талаптанушылық, өзінің нәпсісін тыя білушілік ерік процес-тері болып саналады.

Әуелде бір суық мұз, ақыл зерек,  
Жылытқан тұла бойды ыстық жүрек.  
Тоқтаулылық, талапты, шыдамдылық  
Бұл қайраттан шығады білсең керек.

Ақыл, сезім және ерік, Абайдың ойлауынша, бірлестікте, толық тұтастықта және жарастықта болуы керек, өйткені бұлар бір-біріне пайдаға аса алмайды; ал, бұлардың жеке-жеке ажырап кетуі, тығыз байланыста, бірлестікте болмауы адамды көңілсіз жағдайларға ұрындыруы, оны өмірдің қалыпты жолынан шығарып жіберуі мүмкін. Сондықтан ғылымның міндеті адамның осы үш салалы психикалық әрекетін зерттеу, сөйтіп олардың бірлестікте болуын қамтамасыз ету болып табылады.

Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста,  
Сонда толық боласың елден бөлек.  
Жеке-жеке біреуі жарыспайды,  
Жол да жоқ жарым есті «жақсы» демек.

Ақыл да, ашу да, күлкі де жоқ,  
Тулап, қайнап бір жүрек қылады әлек.  
Біреуінің күні жоқ біреуінсіз  
Ғылым сол үшеуінің жөнін білмек.

Ерік (Абайша қайрат – Т.Т.) ақыл (немесе сана, Абай түсінігінде бұл екеуін бір деп таныған) және сезім бірлестікке келтірілуі керек. Бірақ бұлардың арасы ажырап кететіндей жағдай туа қалса, онда қашан да басқарушы және жетекші роль атқаратын жүрекке, яғни сезімнің қалай дегеніне жүгіну керек.

Тағы бір жерде Абай ақыл мен ерік (қайрат) адам өмірінде шешуші болып саналады дейді. Бірақ олар, жүректен шығатын әділеттік болмаса, пайдасыз болады және өзінің функциясын атқара алмайды деп көрсетеді.

Қайрат пен ақыл жол табар,  
Қапқанға да, қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар  
Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысыз  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың – жалын, артың – мұз  
Барар едің қай жаққа.

Бұл айтқандарынан Абайдың орыстың ұлы педагогы және психологы К.Д. Ушинскийдің көзқарастарына жақындайтын сенсуалистік көзқарастары өте айқын көрінеді.

Ушинский сезімді сана құбылыстары мен еріктің арасын байланыстырушы буын деп есептеп қана қоймай, сонымен бірге оны адамның санасы мен еркіне байланысты әрекеттерін туғызушы және осы әрекеттің ең түпкілікті, ақырғы мақсатын көздеуші деп қарайды. Ақыр аяғында, сана жүрек арқылы сезімдердің біреуіне қосылады да, сөйтіп ішкі жан дүниесін үшмүшелі бөлу, екімүшелі бөлуге, яғни сезім мен ерікке бөлуге әкеп соғады. Өзінің «Он жетінші сөзінде» Абай еріктің, жүрек пен ақылдың табиғаты және олардың бірлестігі туралы ойларын басқа шығармаларына қарағанда әлдеқайда толық суреттейді. Сондықтан бұл «Он жетінші сөздің» мазмұнын түгелдей келтіруді орынды деп таптық.

Қайрат, ақыл, жүрек – үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: «ей, ғылым, өзін білесің дүниеде еш нәрсе менсіз кәмәлатқа жетпейді, әуелі ғылым өзінді білуге, ерінбей, жалықпай ізденіп, үйреніп, орнына келтірмек менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып ерінбей, жалықпай орнына келтірмек менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, әбүйір, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай бойды таза сақтайтұғын күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәпсі шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жиғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады» депті.

Ақыл айтыпты: не дүниеге, не ақыретке, не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын мен, сенің сөзіңді ұғатұғын мен,

менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды депті.

Онан соң жүрек айтыпты: мен адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге, төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың жай-күйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын мен. Бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор қылады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын, жақсылыққа елжіреп еритұғын мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейібаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады депті.

Сонда ғылым бұл үшеуінің сөзін тыңдап болып айтыпты: «Ей қайрат! Сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бәрі рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қарауына қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ залалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесің. Соның жаман» депті.

«Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз еш нәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңіріні де сен танытасың, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесің: бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да, бәрі сенен шығады. Жақсының, жаманның, екеуінің де сүйенгені, сенгені сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрген сенсің, соның жаман» депті. «Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ, менің ісім» – депті. Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса, жарайды. Ақыл, сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырына жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді, ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сені де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшінді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды

босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет деп, ұқтырып айтушының аты ғылым екен. Осы үшеуі бір кісіде менің айтқанымдай болса, табанының топырағы көзге сұртерлік қасиетті адам сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтаймын. Құдайшылық қалыбыңды сонда таза сақта, құдай тағала қалпына әрдайым қарайды деп, кітаптың айтқаны осы депті.

Енді ақыл, сезім және ерік үшеуіне Абайдың берген мінездемесіне толығырақ тоқталып өтейік.

#### **а) Ақыл**

Ақиқат-шындықты танып-білуді Абай материалистік жолмен түсіндіреді. Түйсіну мен қабылдау ақиқаттық дүниенің адам санасында сәулеленуінің алғашқы баспалдығы болып табылады. Адамның сезім мүшелері білу, танудың көзі болып есептеледі. «Көзіменен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен танып, мұрнымен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады», – дейді Абай.

Тағы бір жерінде Абай: «...егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтіп ләззәт алар едік?» Егер «...құлақ болмаса: не қаңғыр, не дауыс, жақсы үн, күй, ән ешбірінен ләззәттанып, хабар алмас едік, мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не қатты, не дәмдінің қайсысынан ләззәт алар едік?» – деп жазады.

Тек тәжірибе арқылы, сыртқы дүниені сезім мүшелерінің тікелей сәулелендірулері арқылы ғана адам ақиқат шындықты танып-біледі.

Адам сыртқы дүниенің құбылыстарын суреттердің көшірмесі (копиясы) түрінде қабылдайды. Өзінің «Қырық үшінші сөзінде» Абай сыртқы дүниеден алынған «хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі» – деп жазады.

Қабылдау өзінің алдында болып өткен тәжірибемен байланысты болғанда ғана толық бола алады. Сондықтан өзінің бұрын естімеген сөзің бірден құлағыңа жат естіледі, ұғыла қоймайды.

Сондықтан қабылдау жүйелі, дәйекті болуы керек: өйткені біліп алмайынша, онан кейінгілерін қолға алма, бәрібір ол анадан гөрі де ұғынықсыз болады. Бұл туралы ақын өзінің «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» деген өлеңінде:

Түзу кел, қисық, қыңыр, қырын келмей,  
Сыртын танып іс бітпес, сырын көрмей.  
Шу дегенде құлағың тосаңсиды,  
Өскен соң мұндай сөзді бұрын көрмей.  
Таң қаламын алдыңғы айтқанды ұқпай,  
Және «айта бер» дейді жұрт тыным бермей, –

деп жазады.

Марксизмнің негізін салушылар К. Маркс пен Ф. Энгельс сезімнің қалай адамдық сезімге айналу процесін, яғни адамның тәжірибе (практика) процесіне адамдық емес сезімдердің адамдық сезімдерге айналатындығын нақтылы мысалдармен көрсетті.

Сезім мүшелері арқылы қабылданатын заттар қоғамдық болғанда ғана түйсік пен қабылдау адамдық бола бастайды.

Абай тек адамның көзі ғана «дүниенің әсемдігінен ләззат» алуға мүмкіндік туғызатындығын, егер «адамның құлағы» болмаса, әннен рақат тауып, ләззәт алуға болмайтындығын, сол сияқты адамның «иіс сезімі» ғана аромат (жұпар) иістен ләззәт алуға мүмкіндік жасайтындығын дұрыс түсінді.

Ақынның айтқандары жануарлар мен адам сезім мүшелерінің арасындағы сапалық өзгешеліктерді, сол сияқты олардың әрекеттерінің арасындағы сапалық айырмашылықтарды және адам сезімдерінің өзіне тән өзгешелігін, яғни адам сезімдері – адамның тарихи практикалық әрекетінің нәтижесі екендігін Абай дұрыс көре білді деп қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Абай адамның психикасының жануарлар психикасынан айырмашылығы туралы, сол сияқты адам сезімдерінің адамдық қасиеттері туралы айқын айтады.

Абай түсінулерді сыртқы дүниедегі құбылыстар мен заттардың біздің сезім мүшелерімізге әсер етуінің нәтижесінде пайда

болатын психикалық функциялар деп қарайды; ал сезім мүшелерімізге әсер ететін сыртқы заттар мен құбылыстар жағымды я жағымсыз болып қабылдануы мүмкін.

Бес сезім мүшесі арқылы қабылданған сыртқы дүниенің құбылыстары із-тозсыз жоғалып кетпейді, қайта, керісінше, сол құбылыстың немесе заттың суреті, бейнесі түрінде адам санасына жаңғырып сәулеленеді. Бұл – жас балада әуелі өте аз мөлшерде ұшырасатын, жетілмеген, қалыптаспаған, бірақ тәрбиелеу арқылы күшейтілетін, дамытылатын «жанның» еріксіз күші. Егер «жанның» осындай қабілетінің дамуына көңіл аударылмаса, онда ол мүлдем жоғалып кетуі иә өзінің маңызын жоюы мүмкін.

Абай ес деген ұғымға анықтама беріп, оның мәнін ашып бермесе де, оны адам өмірінде, әсіресе мәдениетті меңгеруде ерекше маңызы бар психикалық функция деп қарап, оған өте көп көңіл бөледі.

Ол еске сақтап қалуға төселдіретін (жаттықтыратын, үйрететін, дағдыландыратын) негізгі төрт түрлі жағдайдың болуын атап көрсетеді. «Естіген нәрсені ұмытпастыққа, – деп жазады ол, – төрт түрлі себеп бар: Әуелі, көкірегі байлаулы берік болмақ керек. Екіншісі, сол нәрсені естігенде я көргенде ғибратлану (үлгі алу) керек, көңілденіп, тұшынып, ынтамен ұғу керек. Үшінші, сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші, ой кеселді нәрселерден қашық болуы керек; егер олар кез болып қалса, салынбау керек.

Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы, күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді, бұл төрт нәрсе – күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер».

Қиял, Абайдың түсіндіруінше, ғылымның дамуында зор маңызы бар, адамның ішкі қабілеті болып табылады. «Білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар; адамның ішінде бірі мұлахаза (ойлау, пікірлесу), екіншісі мұхафаза (сақтау, қорғау) қылу, бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай ғылым зораймайды» – дейді Абай. Сондықтан қиял мен ойлауды жан-жақты дамытып отыру керек. Бірақ мұнда өзінді пайдасыз,

нәтижесіз, жеміссіз бос қиялдан, ойдан сақтандырып отыру керек. Абай қиялдау мен ойлау туралы айтқанда олардың арасына тиянақты, белгілі бір шек қоймайды.

Ойлау – күрделі психикалық процесс, оның мазмұны өте бай болады; ешқандай сөз ойдың барлық байлығын қамти да алмайды, дәл бере де алмайды. «Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда өңі қашады».

«Жапырағы қуарған ескі үмітпен» деген өлеңінде Абай адам үнемі үздіксіз ойлауы керек, өйткені тек үздіксіз, тұрақты ақыл-ой әрекеті арқылы ғана бір ой екінші ойды тудырады, яғни екінші бір ой пайда болады. Мидың өзгешелігінің өзі де – осындай тануға, білуге үздіксіз талпынуында. Бірақ сөйте тұра ой практикалық өмірмен байланысты, ақиқат (реалдық) ой болуы керек деп үйретеді.

Сана мен ақыл – Абайдың түсінігінде – ақыл-ой әрекетінің ең жоғарғы баспалдағы, сондай-ақ адамның психикасын ажырататын айқын белгі болып табылады. Абай «Ырыс алды – тірлік», - дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па?» деп сұрайды да, «Жоқ, ондай тірлік иттерде де бар», – деп жауап береді. Тірлік – сананың болуында. Сана ғана адамды басқа жан иесі ете алады. Дәл осы пікір ақынның «Жүректе қайрат болмаса» деген өлеңінде де айтылады.

Малда да бар жан мен тән,  
Ақыл, сезім болмаса,  
Тіршіліктің несі сән,  
Тереңге бет қоймаса?

Егер ақыл болмаса, адамның хайуаннан өзгешелігі болмас еді дейді Абай. Адамның ақылы оның барлық әрекетін, соның ішінде еркін де басқарып, билеп отыруға тиіс. Бірақ адамда ерік жоқ болса, онда ақылдың өзі де мақсатсыз, өзімен-өзі болып кетер еді.

Жүректе қайрат болмаса,  
Ұйықтаған ойды кім түртпек?  
Ақылға сәуле қонбаса,  
Хайуанша жүріп күнелтпек.

Аспаса ақыл қайраттан,  
Тереңге бармас үстірттер.

Абай көбінесе «жан» деп айтқанда, бұл ұғымға жаратылыстан жоғары бір күшті, метафизикалық ұғымдар кіргізбейді, қайта құбылыстарды, бірақ адамның дене құбылыстарын емес, психикалық рухани құбылыстарын айтады.

Тек сана арқылы ғана (Абай мұны көп ретте оймен және ақылмен бір деп қарайды – Т.Т) адам объективтік шындықты таниды, ғылымды меңгереді, қас пен досты, ізгілік пен залымдықты ажыратады; санасыз немесе ақылсыз еш нәрсе танылмайды, білінбейді. Ақыл бұл дүниенің де, сондай-ақ «ол дүниенің де» мәнін ашып береді.

Дегенмен адамның әрекетінде ақылдың басым болуы «пайдалы» бола бермейді, өйткені ол адамды жақсылық жолмен қалай жүргізсе, жаманшылық жолмен де дәл сондай жүргізуге құдіреті келеді. Жақсылықпен ғана тұрмайды, амал да, айла да ақылдан шығады. Жақсылықтың да, жамандықтың да сүйенері, сенері, іздегенін тауып берері осы ақыл болады. Бір сөзбен айтқанда, ақыл жақсылыққа қандай қызмет істесе, жаманшылыққа келгенде дәл сондай қызмет істейді («Он жетінші сөзі») деп үйретеді Абай:

Сана адам туғанда бірге тумайды және адам тумысында саналы болып тумайды. Сана адамның практикалық әрекетінде пайда болып, өсіп-дамып жетіледі.

«Адам ата-анадан туғанда есті болмайды; естіп, көріп, ұстап, татып, ескерсе, дүниедегі жақсы, жаманды танудағы сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады».

«Сократ хакімнің сөзі» деп аталатын «Жиырма жетінші сөзінде» Сократ пен оның шәкірті Аристодимнің арасындағы диалогты келтіре отырып, алланың өзі дүниені және адамды әуелден ойлап жаратқан, адам оның бұлжымас заңдылығына (құдіретіне) бағынады, адам хайуанаттан санасымен артық саналады, адам хайуанаттың қолынан келмейтін құрал-сайман жасай алады. Сондықтан адамды артық жаратушы алланың өзі ең жоғары сана дейтін Сократтың оқуын Абай ешбір қарсылықсыз қуаттайды. Бірақ Сократтың бұл айтқандарына Аристодимнің

шүбәланатынын келтіру арқылы Абай құдайдың өте бір жоғары күш екендігіне өзінің күмәнданатындығын сездіреді. Бұл оның құдайды әуелгі себеп, бір жаратушы деп көрсете отырып, дүниені материалистік жолмен түсіндіретіндігінен де байқалады.

Сократ адамға тіршілік, жан беріп, соншама ақыл беріп, дүниені махаббатымен, шын ниетімен сүйіп жаратушы құдай өте бір жоғары күш деп дәлелдейді. Ол адамға сезім мүшелерін берудің өзі әуел баста алланың өзі ойлап істегендігі деп суреттейді. Адам денесі, Сократша жер сияқты да, ал оның денесіндегі ылғал жердегі су тәрізді. Бұл жерде Абай адам «жан» деген нәрсенің келуімен байланысты ақылды болады дейтін Сократтың сөзін келтіреді.

Әрине, жан тек адамда ғана емес, жануарларда да бар, бірақ жанның дүние танып білушілік қасиеті тек адамға ғана тән. «Хайуан алды-артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы, артқы жағын тегіс тексермектік тіпті жоқ. Тек адам ғана алды-артын және сол күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді».

Адамның екі аяғымен басып тік жүруі дүниені түгел көруге, айналадағыны тексеріп тануға, өзге хайуандарға үстемдік етуге мүмкіншілік береді. «Хайуанға адамның ақылын берсе де, мұнша шеберлік, мұнша дәрігерлік, бір-біріне ғылым үйретерлік, шешендік, сөйлей білушілік оның денесіне лайық келмейді». Жануарлар адамша «шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап сыпайылық, шеберліктің үдесінен шыға алмайды».

Абайдың осы айтқандарын оқып отырып Ф. Энгельстің «Маймылдың адам баласына айналу процесіндегі еңбектің ролі» деген атақты еңбегін еріксіз есіңе түсіресің де, мүмкін, Абай бұл еңбекпен белгілі дәрежеде таныс болған шығар деп ойлайсың.

Жоғарыда айтылғандардан, құдай тек дүние мен адамды жаратушы ретінде бетке ұстаған перде тәрізді ғана болып көрінеді. Ал тек осы пердені алып тастау ғана мұң, алып тастасаң ар жағында өзінің барлық даму заңдарымен материалдық дүние көрініп тұрады. Дүние мен адамның табиғатын Абай материалистерше қарастырады: дүние, материя – алғашқы, жан, сана – соңғы.

Абайдың көрсетуінше, ақыл ойдың дамуына жағымды әсер етеді. Сондықтан кімде-кім есту және көру сезімдерін дамыту жолымен өзінің білімін өсіріп отырса, сол адам өзінің ақыл-ойын да дамытып отырған болып табылады. Адамның ақыл-ойының дамуы құдайға байланысты емес, кейбіреулердің «құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейін» немесе «құдай тағала сені менен мені бірдей жаратып па?» деуі құдайға жала жабу болып табылады, өйткені «Оған құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, есіңе сақтама деп пе? Ойын-күлкі менен ішпек, жемек, ұйықтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіндегі қазынаңды жоғалтып алып, хайуан бол деген жоқ», – дейді Абай.

Ақыл-ойдың даму дәрежесі талаппен байланысты болады. Алайда, кейбіреулер белгілі бір талап кімде болса, сол ғана ақыл таба алады, ал кімде талап аз болса, сол ақыл таба алмайды. Бұл, әрине, бекер деп үйретеді Абай. Өйткені талап әр балада да бар, бірақ ондағы «жан» қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, тек ескерсе ғана, күтіп айналдырса ғана зораяды (Қырық үшінші сөз).

«Адам баласының ең жаманы – талапсыз».

Ақылды адамға айрықша үш түрлі сапа болу керек: бұл қасиеттерді жоғалтып алса, ал адамшылықтан айырылып, хайуанға кетеді. Олар қандай сапалар? Оның біріншісі «орысша подвижной элемент» деп аталады. Ол – не көрдің, не естіп білдің, соны тездікпенен ұғынып, онымен ғана шектелмей, «арты қайдан шығады, алды қайда барады» – соған байланыстырып отыратындығы... Енді екіншісі – орысша «сила притягательная однородного» деп аталады.

Барлық естігендерің мен көргендерің, яғни барлық қабылдағандарың соған ұқсас басқа заттармен, құбылыстармен салыстырылып, олардың ұқсастық жақтары айқындалып отыруы керек. Ондағы барлық ұқсас жағдайларды кеңінен ойластырып, белгісін тексеріп, байқап, белгісізі туралы анықтамалар жинап, білетіндерден сұрап, ол туралы іздестіріп, оқып отыру керек. Бұл туралы Абай: «біреуі орысша сила притягательная однородного...» дейді. Ал бір нәрсені естіп, көріп білдің, қош келді, қазір соған ұқсағандарды тексересің, түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсастығы бар

ма? Әр нешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмейінше тыныштыпайды», – деп жазады.

Бұл ұғымға (сила притягательная однородного) Абай тек жаңа қабылдаулардың, елестеулердің және жаңа ұғымдардың ассоциация заңдары бойынша ілгеріде өткен тәжірибеге байланыстылығын (әсіресе ұқсастығы жағынан) ғана жатқызып қоймайды, сондай-ақ оған ақыл-ойдың қоршаған дүниені үздіксіз тануға бағытталған білмекке құмарлығы мен құштарлығын қосады.

Үшінші сапа деп Абай жүрек сезімін көрсетеді. Абайдың айтуы бойынша, жүрегіңді мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық сияқты төрт түрлі пайдасыз нәрселермен кірлетпей сақтасаң, онда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айнасына (бұл жерде жүректің емес, сананың болуы керек – Т.Т) анық болып түседі. Ондай нәрсе, тұла бойыңа жайылады, тез ұмытылмайды, есінде берік сақталады. Ал егер бағанағы төрт нәрсемен жүректі кірлетіп алсаң, онда жүректің айнасы бұзылады, иә қисық, иә күңгірт көрсетеді. Нәтижесінде айнала қоршаған нәрселерден дұрыс ұғым болмайды.

«Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік осыған ұқсаған әрбір маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жіберетұғын нәрселер осы екеуінен болады».

Мұндай әр түрлі жаманшылықтардан адамды тек сергек ақыл мен мықты қайрат (ерік) қосылып ғана сақтандыра алады. Тек сергек ақыл мен күшті қайрат кімде бар болса, сол адамның ғана «сила притягательная однородного» және «подвижной элемент» сапалары көңілдегідей, жеткілікті күші бар болады. Ал ақыл мен қайрат аз болса, иә тіпті екеуінің бірі атымен болмаса, онда соңғы екі сапа да қуатсыз болады.

Адам үнемі әрекеттенуі үстінде болуы керек. Әрекетін доғару оны құртады. Ол өзінің ақыл-ойын, тудырған дағдыларын, ілімін және кәсібін үздіксіз дамытып, жетілдіріп отыруға тиіс.

Бұл жоғарыда айтылғандардан дүние тану процесін Абай материалистік тұрғыдан түсіндіргенін көруге болады. Біздің-

ше, ол өзінің психологиялық көзқарастарын анықтауда көптеген мәселелерді К.Д. Ушинскийдің психологиясынан пайдаланғандығына қарамастан, тану (білу) мәселелерінде материалистік психологияның негізін салушы И.М. Сеченовтің позициясында болды.

Өзінің дүниетану теориясында идеалистік қателіктер жіберген К.Д. Ушинскийден Абайдың айырмасы сонда, ол тану процесіне материалистік тұрғыдан түсінік берді. Егер Ушинский объективті дүние адам санасында қайдағы бір символ, иероглиф түрінде сәулеленеді деп қараса және дәл сол арқылы «түкке қажеті жоқ агностицизм элементін» (Ленин) кіргізген болса да, ал Абай дүние адам санасында заттардың көшірмесі (копиясы) суреттері, бейнелері түрінде сәулеленеді деп түсіндіреді.

Сөйтіп Абай «Дүние, шындығында да, адамнан тыс және өз алдына өмір сүреді, бірақ адам оны сезім мүшелерінсіз тануы мүмкін емес, өйткені сезім мүшелері эрекетінің продуктілері барлық психикалық өмірдің мәні, қайнар бұлағы» деп жазған Сеченовтің позициясында болды.

Абайдың психологиялық көзқарастарына қысқаша анализ бере келіп, қазақ халқының ұлы ағартушысы, данышпан ақыны және асқан ойшылы Абай адамдардың психологиясын өте шебер ажырата, тани білген және психология мәселесі жөніндегі өз ойларын өзінің өшпес мұрасында (өлеңдерінде, өнеге-үлгі сөздерінде) өте шебер бере білген деген қорытындыға келуге болады. Оның еңбектерінен біз бірқатар маңызды, құнды, нұскалы психологиялық қағидаларды байқаймыз.

Орыс революционер-демократтарының материалистік философиясының, сонымен бірге Россияда материалистік психологияның негізін салушы И.М. Сеченов пен К.Д. Ушинскийдің психологиялық көзқарастарының әсерімен Абай материалистік психологияның поэзиясында болды. Алайда, Абайдың материализмі дәйекті материализм болмады, идеалистік шектелушіліктері болды, оның шығармаларында, психология жөніндегі пікірлерінде ақынның өзі зерттеп оқыған Спиноза, Сократ, Аристотель, Милл, Спенсер т.б. еңбектерінің әсерінен туған бірқатар идеалистік қателіктер мен қайшылықтар кездесіп отырады. Абайдың

өмір сүрген кезінде соншама кең етек алып, жайылып кеткен позитивтік философия мен эмпирикалық психология ақынның психология мәселелері жөніндегі көзқарастарына әсер етпей қоймағандығына шүбә жоқ. Сол сияқты Абайға ықпалы өте көп тиген орыстың ұлы педагогі К.Д.Ушинскийдің психологиялық көзқарастарындағы қайшылықтар да ақынның психологиялық көзқарасын қалыптастыруда белгілі әсері болды деп қарауға болады.

Осыдан кейін Абайдың кейбір қайшылығы бар пікірлерінің туу себептері бізге мәлім болады.

Абайдың психологиялық көзқарастарында сезім адамның психологиялық әрекетінде басшы роль атқарушы болып саналады. Егер ақыл, ерік (қайрат), сезім үшеуінің арасында қайшылық, талас, келіспеушілік туа қалатындай болса, онда адам тек өзінің сезімін ғана тыңдау керек, тек сезім ғана адамды дұрыстыққа, әділеттікке, жақсылық жолға бағыттайды деп көрсетеді.

Бірақ бірсыпыра еңбектерінде ол адамның барлық іс-әрекетін ақыл билеуі керек дейді. Сөйте тұра адамның ақылы жақсылық үшін қандай қызмет етсе, жамандық үшін де дәл солай қызмет істейді, сондықтан үнемі ақылға билету пайдасы бола бермейді, кейде зиянды да болады деп, бұл айтылған тезисін қайтадан жоққа шығарады.

Психикалық құбылыстардың шығуын материалистік жолмен түсіндіре отырып, әр түрлі эмоциялық көңіл күйінің кезінде адамның көңіл күйін сыртқа сездіріп отыратын бет әлпеттің әр түрлі қимылдарын толық сипаттай отырып, сол сияқты бұл соңғының адам организмінде болатын физиологиялық процестерге тигізетін әсерін дұрыс көрсете отырып, Абай психикалық әрекеттерді туғызушы материалдық субстрат (негізі, тегі) – ми туралы, жоғарғы нерв жүйесінің қызметі туралы айтпайды. Сондықтан Абайдың ерікті де (қайратты) сезім сияқты жүрек ісіне жатқыза салуына таңқалуға болмайды.

Алайда, Абай аз ба, көп пе, өз дәрежесінде психологиялық көзқарастардың жүйесін жасап, психология ғылымын зерттеумен шұғылданған ең бірінші қазақ екендігін атап айтуымыз керек.

## ТҮСІНІКТЕР

1. Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы. Баспасөз бетінде жарияланған: Жұбанов А. Ән-күй сапары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 213-221-беттер; Абай институтының вебсайты.
2. Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси көзқарастарының қалыптасуы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың өмірі мен творчествосы. Мақалалар жинағы / ред. басқ. М. Ақынжанов және З. Ахметов. – Алма-Ата: ҚазССР ҒА баспасы, 1954. – 65-84-беттер; Абай институтының вебсайты.
3. Тәжібаев Т. Жүрегімнің түбіне терең бойла. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 133-148-беттер; Абай институтының вебсайты.
4. Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның бітім-биліктері туралы. Баспасөз бетінде жарияланған: Зиманов С.З. Қазақтың билер соты – бірегей сот жүйесі. – Алматы: Ата-мұра, 2008. – 100-143-беттер; Абай институтының вебсайты.
5. Әуезова Л. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы (үзінді). Баспасөз бетінде жарияланған: Әуезова Л.М. М.О. Әуезов творчествосында Қазақстан тарихының проблемалары. – Алматы: Мектеп, 1977. – 168-203-беттер; Абай институтының вебсайты.
6. Ерзакович Б. Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай Құнанбаев. Айттым сәлем, Қалам қас. Өндер мен күйлер / құрастырып, музыкалық редакциясын жүргізген Б.Г. Ерзакович. – Алматы: Өнер, 1986. – 5-18-беттер; Абай институтының вебсайты.
7. Ғабдуллин Б. Абай және Сократ. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай тағылымы. – 159-173-беттер; Абай институтының вебсайты.
8. Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы / жауапты пығарушы философия ғылымының докторы М.С. Орынбеков. – Алматы: Ғылым, 1995. – 34-68-беттер; Абай институтының вебсайты.
9. Есім Ғ. Абай философиясындағы адам мен Алла болмысы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 69-106-беттер; Абай институтының вебсайты.
10. Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының қайнар көздері және философиясының жалпы мәселелері. Баспасөз бетінде жарияланған: Абайдың дүниетанымы мен философиясы. – 7-33-беттер; Абай институтының вебсайты.
11. Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.

12. Байтенова Н. Абай философиясының антропологиялық бастаулары. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай институтының хабаршысы. – 2012. – №3; Абай институтының вебсайты.
13. Күзембаева С. Абайдың музыкалық шығармашылығы. Баспасөз бетінде жарияланған: Абай (Ибраһим) Құнанбайұлы / жалпы ред. басқ. У.Қ. Қалижанов, ҚР ҰҒА мүше-корреспонденті. – Алматы: Әдебиет әлемі, 2013. – 461-473 – беттер; Абай институтының вебсайты.

## МАЗМҰНЫ

|                                                                                                                |     |
|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|
| Жұбанов А. Абайдың музыкалық мұрасы .....                                                                      | 3   |
| Ақынжанов М. Абайдың қоғамдық-саяси<br>көзқарастарының қалыптасуы .....                                        | 12  |
| Тәжібаев Т. Жүрегімнің түбіне терең бойла.....                                                                 | 33  |
| Зиманов С. Абай – ұлы билердің соңғысы және оның<br>бітім-биліктері туралы.....                                | 50  |
| Өуезова Л. Абай Құнанбаев және оның өскен ортасы .....                                                         | 94  |
| Ерзакович Б. Абайдың қазақ музыкасына қосқан үлесі.....                                                        | 116 |
| Ғабдуллин Б. Абай және Сократ .....                                                                            | 132 |
| Орынбеков М. Абайдың әлеуметтік философиясының<br>мәдени-тарихи және дүниетанымдық алғышарттары.....           | 148 |
| Есім Ғ. Абай философиясындағы адам мен<br>Алла болмысы .....                                                   | 183 |
| Барлыбаева Г., Нысанбаев Ә. Абай дүниетанымының<br>қайнар көздері және философиясының<br>жалпы мәселелері..... | 223 |
| Молдабеков Ж. Абайдың адамтануы.....                                                                           | 240 |
| Байтенова Н. Абай философиясының<br>антропологиялық бастаулары .....                                           | 252 |
| Күзембаева С. Абайдың музыкалық шығармашылығы.....                                                             | 267 |
| Түсініктер.....                                                                                                | 280 |

Оқу басылымы

**АБАЙТАНУ**  
**ТАҢДАМАЛЫ ЕҢБЕКТЕР**  
**V том**  
**Ойлар мен толғаныстар**

Құрастырып, түсініктерін жазғандар:  
П. Бисенбаев, Е. Кәрібозов, Л. Мұсалы, Н. Нұрәділ

Редакторы *К. Мухадиева*  
Компьютерде беттеген *Ү. Әбдіқайымова*  
Мұқабасын безендірген *Қ. Өмірбекова*

**ИБ№8888**

Басуға 24.12.15 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 1/16.  
Көлемі 17,6 б.т. Офсетті қағаз. Сандық басылыс. Тапсырыс №1510.  
Таралымы 50 дана. Бағасы келісімді.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.